

**ТУРИЗМ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ**  
**ТУРИЗМ: МИРОВОЙ ОПЫТ**  
**TOURISM: WORLD EXPERIENCE**

---

FTAXP 06.73.55  
ӘОЖ 33.336  
JEL G21

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-1-420-433>

**ДҮЙСКЕНОВА Р.Ж.,\*<sup>1</sup>**

PhD, қауымдастырылған профессор.

\*e-mail: nargiza2006@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7011-8229

**АЛДАШЕВА А.А.,<sup>1</sup>**

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: aldashieva75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9753-185x

**САРСЕБАЕВА А.М.,<sup>1</sup>**

э.ғ.м., аға оқытушы.

e-mail: aigul.sarsebayeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-4758-9583

**УМЫРЗАКОВА А.А.,<sup>1</sup>**

э.ғ.м., аға оқытушы.

e-mail: aida.umirzakova75@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9594-7974

<sup>1</sup>Алматы технологиялық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

**ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**  
**АРҚЫЛЫ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫН ДАМУ**

**Андатпа**

Мақаланың мақсаты – инвестициясының тартымдылығын арттыру туризм индустриясын дамытушы негізгі құралдардың бірі ретінде негізгі капиталға салынған инвестиция қайтарымын есептеу, регрессиялық талдау жасау, артта қалуы бар динамикалық моделін құру және алынған нәтижесі арқылы қорытынды тұжырымдар ұсыну. Зерттеу жұмысында алыс және жақын мемлекеттер ғалымдарының ғылыми мақалалары мен халықаралық ұйымдардың жинақтары зерттеліп, жаһандану уақытысында цифрландырудың экономикалық даму мен туризм индустриясына әсері қарастырылады. Туризм секторы миллиондаған халықты жұмыспен және табыспен қамтушы, экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің артуына әкелетін, инклюзивтілік мәселесіне шешім беруші, ұлттық және шетел мәдени құндылықтарымен таныстырушы, отандық және шетел инвестициясының тартымдылығын арттырушы, туризм индустриясын дамытушы негізгі құралдардың бірі ретінде экономикалық өсуге бағытталуы тақырыптың өзектілігін ашады. Динамикалық модельді құру және нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында 2008–2024 жж. аралығындағы Қазақстан Республикасының Статистикалық Агенттігінің деректері, Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация негізінде міндеттерді шешу» атты Халыққа Жолдауы қарастырылды. Мақаланы зерттеу барысында модельдің орташа артта қалуы, салыстырмалы коэффициенттер шамасының пайыздық үлесін анықтау үшін келесі ғылыми зерттеу әдістері: «Statica» бағдарламалық пакеті, артта қалуы бар динамикалық моделі мен модель параметрлерін бағалау, көптік регрессия әдісі, үйлестірілген артта қалу әдісі, отандық және шетел ғылыми-зерттеу жұмыстарына анализ және синтездеу, логикалық салыстырмалы әдістері қолданылды. Мақаламызды қорыта отырып, авторлар

келесідей нәтижеге қол жеткізді: инвестициялардың қайтарымының 3 жылдық нәтижесі алынды, модельдің орташа артта қалуы 1,9 жылдан кейін болатыны анықталды, сонымен қатар, негізгі капиталға салынған 1 млн теңгенің инвестициялық қайтарымы есептелді.

**Тірек сөздер:** туризм, инвестицияның қайтарымы, даму, экономикалық өсу, цифрландыру, мультипликатор, тұрақтылық, тартымдылық.

## Кіріспе

Туризм индустриясы – трансформация жасаушы, ішкі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді дамыту мен өсуге итермелеуші құрал. Туризм индустриясы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, ЖІӨ артуына, мәдениетін дәріптеуге және инклюзивті тұрақтылықтың қамтамасыз етілуіне мүмкіндіктер ашады.

Қазақстан аймағында туризм саласын дамыту мақсатында 1992 ж. «Туризм» Заңнамасы, 1993 ж. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) мекемесі Дүниежүзілік туристік ұйымына мүшесі болып қабылданды. 2001 ж. ҚР-да туризмді дамытудың 2001–2005 жж. арналған Мемлекеттік Бағдарламасы, «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңы және ҚР-да туристік саланы дамытуда 2023–2029 жж. арналған тұжырымдамасы жүзеге асырылуда [1].

Қазақстан республикасы президентінің «Әділетті ел. Біртұтас халық. Берекелі қоғам» атты 2022 ж. Халыққа Жолдауында кәсіпкерлікті қолдау мен туризм сферасын дамытуда инвестициялық тартымдылықтың арттыру мәселесін атап өткен еді [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация негізінде міндеттерді шешу» атты Халыққа Жолдауының бірінші бөлімінде жаһандану уақытсындағы бәсекелестікте елімізге ірі отандық және шетел инвесторларын тарту мәселесін атап өтті. Сонымен қатар, туризм мен цифрландыру саласындағы кәсіпкерлердің мықты нарық субъектісі ретінде еліміздің цифрлық дамуының қозғаушы күшіне айналуын Елбасы Халыққа Жолдауының алтыншы бөлімінде тоқталды. Цифрландыруды дамыту мақсатында Алатау сити цифрлық қалашықтың жоспарлануын және осы мақсатпен отандық және шетел инвесторларының тартымдылығын арттыру туризм индустриясын дамытушы бірден-бір құрал ретіндегі қажеттілігін атап өтті. Жаһандық цифрландырудың елімізде дамуы туристік ағыны мен көші-қон бақылауын жинау мен есепке алушы ақпараттық жүйенің, туризм карталары, трекерлері, туризмнің электрондық құралдарының қарқындылығының артуына, ішкі және халықаралық туризм ағынының артуына ықпалын тигізетіні сөзсіз [3].

2020 ж. «Eqopaq» туристік ағыны мен көші-қон бақылауын жинау және есепке алу үшін ақпараттық жүйе және осы жылы Ұлттық туристік портал [kazakhstan.travel](http://kazakhstan.travel) жұмысы іске қосылып, 2020 ж. туризм саласына қажетті мамандарды дайындау мақсатында Халықаралық деңгейдегі оқу орны ОҚО-сы Түркістан қаласында Туризм және қонақжайлылық университеті өз жұмысын бастап кетті және 2021 ж. Түркістанда «Керуен-Сарай» көпфункционалды туристік кешені іске қосылды [4].

Мәдениет және спорт саласынан Қазақстанды әлемге ұлттық мәдениеті мен ұлттық брендині танымал етушілер, туризм Елшісі қатарына, жаһанды өз өнерімен, вокалымен елімізді танытқан әнші Димаш Құдайберген, бокс саласында орташа салмақтан әлем чемпионы болған жерлесіміз Геннадий Головкин, 2020 жылғы Олимпиада ойындарының қатысушысы және WTA турнирінің жеңімпазы, қазақстандық теннисші Зарина Диас және қазақстандық шахматшы, халықаралық гроссмейстер Жансая Абдумалик және т.б. жатады.

Кез келген мемлекет үшін инвестиция ағынын арттыру, инвесторлар санын көбейту арқылы ел экономикасын экономикалық өсуге итермелеуші негізгі факторлардың бірі. Қазақстан республикасы ішкі нарыққа инвестицияны тартуда ТМД елдері арасында жан басына шаққандағы тура шетел инвестициясы (ТШИ) бойынша 1 орында (2023 ж.) [5] және 2024 ж. Дүниежүзілік экономикалық форумның (WEF) Саяхат және туризмді дамыту индексында, 119 туристік бағыттары бойынша 52-ші орынды (2023 ж. 66-орында) иемденді. Сонымен қатар, тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы ішінде елімізге 474 млрд доллар шетел инвестициясы тартылып отыр [5].

Қолайлы инвестициялық климат негізінде инвестициялық тартымдылықтың артуы жыл өте өзгеруде. Елімізде 2019–2024 жж. аралығында туризм индустриясын дамыту, экономикалық

оң әсердің күтілуі мақсатында, 550 млрд теңге шамасында 605-тен астам инвестициялық жоба жүзеге асырылып, оның ішінде 2024 ж. 87 инвестициялық жоба сәтті аяқталған. Республикамыздағы атап өтетін негізгі инвестициялық жобаларға, Шымкент қаласындағы «Махамбет» қонақ үйіне жұмсалған инвестиция көлемі 4,9 млрд тг, Атырау облысындағы «Керемет паркі» отбасылық саябағының инвестиция көлемі 3 млрд тг және Алматы облысындағы Ақ-Жайық демалыс аймағының инвестиция сомасы 1,8 млрд теңгені құрайды [6].

Зерттеу жұмысының мақсаты – туризм сферасын дамыту мақсатында отандық және шетел инвестициясына талдау жасау арқылы, негізгі капиталға салынған инвестиция қайтарымын есептеу, регрессиялық талдау жасау нәтижесімен қорытынды тұжырымдар ұсыну.

Зерттеу жұмысының мақсатына қол жеткізуде төмендегі міндеттер орындалады:

1) Отандық, алыс және жақын мемлекеттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ұлттық және халықаралық ұйымдардың деректеріне жан-жақты талдау жасау мен «ішкі туризм», «халықаралық туризм» ұғымдарына авторлық анықтама беру;

2) Республикада негізгі капиталға салынған инвестиция қайтарымын есептеу мақсатында артта қалуы бар динамикалық моделін құру;

3) Артта қалуы бар динамикалық моделі негізінде артта қалған динамикалық модельдің нәтижелерін (артта қалған моделі бойынша қысқа, аралық, ұзақ мерзімді мультипликаторлар, салыстырмалы көрсеткіштер мен орташа артта қалушылықты) анықтау;

4) Талдау жасау нәтижесі негізінде қорытынды тұжырымдарды ұсыну.

Әлемдік деңгейде туризм индустриясының дамуына қажетті құралдары зерттеліп, жаһандану уақытысында цифрландырудың экономикалық даму мен туризм индустриясына әсері, алыс және жақын мемлекеттер ғалымдарының ғылыми мақалалары мен халықаралық ұйымдардың жинақтарында жан-жақты қарастырылады. Осыған орай, туризм индустриясының дамуына өз үлестерін қосушы әлем ғалымдарының еңбектеріне әдебиеттік шолу жасалады.

Отандық зерттеушілер экономикалық өсуге әсер етуші бірден-бір фактор ретінде халықаралық туризмнің дамуы арқылы әлеуметтік-экономикалық дамуға, халықаралық туризм нарығын дамытуда ұлттық экономиканың рөлін қарастырады [7].

Ресей ғалымы ішкі туризмнің басты проблемаларына және жеке инвесторлардың замануи туристік инфрақұрылымды қалыптастырудағы инвестициялық тартымдылығының төмендігін талдайды. Инвестициялық тартымдылықты арттырудың негізгі бағыты туристік-рекреациялық кластерлерді құру, дамыту және кластерлердегі туристік нысандардың дамуындағы оң синергиялық әсерін қарастырады [8].

Цифрлық технологиялардың туризм және қонақжайлылық индустриясының трансформациясына әсерін бағалауға тоқталып, осы сферадағы қажетті ақпараттарды қолданудағы қарқындылықтың артуына, оған қызметкерлердің бейімделуі мен жалпы менеджмент ақпараттың жүйелерін Ресей ғалымдары өз зерттеу жұмысында қарастырады [9].

Вьетнам зерттеушілері ғылыми мақалада туристік инфрақұрылым компоненттеріне салынған инвестициялардың халықаралық инвестицияларға әсері зерттеліп, соңғы 24 жылғы Вьетнам деректерімен келушілерді тарту талданады. Сызықтық емес авторегрессивті үлестірілген кідіріс (ARDL) тәсілі бойынша ұзақ мерзімді перспективада туристік инфрақұрылымның үш құрамдас бөлігіне: көлік және коммуникация инфрақұрылымына, қонақ үй және мейрамхана индустриясына, демалыс орындарына инвестиция салу негізіндегі халықаралық келушілер ағынын арттыруды қарастырады [10].

Ел ішіндегі туристік ресурстардың иеленумен шектелмей, оны тиімді пайдаланылуы, сонымен қатар Вьетнам еліндегі мәдени туризмдегі туристік қызметтердің маңызды түрлері мен ресурстық саясатының қайта қаралуын Вьетнам ғалымдары талдайды [11].

Марокко және Венгрия ғалымдарының зерттеу мақаласында тұрақты туризм дестинацияларында цифрлық технологияларды енгізу және ағымдағы зерттеулер туралы түсінік беріледі. Библиометриялық талдау зерттеу нәтижелерін жан-жақты бағалауға, тенденцияларды анықтауға және негізгі тақырыптар мен ынтымақтастық желілерін бөлуге мүмкіндік береді [12].

Әдебиеттік шолу бөлімін қорытындылай отырып, тақырыпты зерттеуші авторлар «ішкі туризм» мен «халықаралық туризм» ұғымдарына авторлық анықтама береді. «Ішкі туризм» – резиденттің өз елінде саяхаттауы, оның себебі еліміздің табиғатымен, көрікті жерлерімен танысу, демалу, сауықтыру және т.б. болуы мүмкін. «Халықаралық туризм» – тұрғылықты жерінен

сыртқы шет мемлекетіне әртүрлі себептерге, соның ішінде білім алу, демалу, емделу, басқа елдің мәдениеті мен табиғатымен танысу сияқты мақсаттармен байланысты саяхаттың бір түрі.

### Материалдары мен әдістері

Жыл сайын шетелдік туристердің саны артуда, 2024 ж. елімізге түрлі туристік мақсатта саяхаттаған 15,3 млн шетелдік қонақ келген, осыған орай туризм секторында негізгі капиталға инвестициялардың тұрақты өсуі артуда [6]. Туризм секторы миллиондаған халықты жұмыспен және табыспен қамтушы, экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің артуына әкелетін, инклюзивтілік мәселесіне шешім беруші, ұлттық және шетел мәдени құндылықтарымен таныстырушы, отандық және шетел инвестициясының тартымдылығын арттырушы, туризм индустриясын дамытушы негізгі құралдардың бірі ретінде экономикалық өсуге бағытталуы тақырыптың өзектілігін ашады. Сондықтан әлем бойынша туризм саласын зерттеуші алыс және шетел ғалымдарының ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы инвестициялық тартымдылықты өсіру мәселесі, Ұлттық және Халықаралық Ұйымдардың қызығушылығының артуы тақырыптың өзектілігін арттырып отыр.

Ғылыми мақаланы зерттеу барысында динамикалық модельді құру нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында келесідей ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. ҚР Статистикалық Агенттігінің 2016–2024 жж. аралығындағы статистикалық көрсеткіштері, «Statica» бағдарламалық пакеті, артта қалуы бар динамикалық моделі мен модель параметрлерін бағалау, көптік регрессия әдісі, үйлестірілген артта қалу әдісі, отандық және шетел ғылыми-зерттеу жұмыстарына анализ және синтездеу, логикалық салыстырмалы әдістері қолданылды.

Туризмді дамыту стратегиясын әзірлеу басқалармен қатар негізгі капиталға салынған инвестициялардың туризм секторына әсерін шешуді қамтиды. Біздің ойымызша, инвестицияның тиімділігін сипаттайтын ең объективті көрсеткіш – елімізге келуші туристерді орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі. Демалушыларға қолайлы жағдай жасау және инвесторларды тарту үшін үкімет соңғы жылдары еліміздің негізгі курорттық аймақтарында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуда және туристік жобалар жүзеге асырылуда.

Аймақтардағы туризмнің дамуына салынып отырған инвестиция көлемінің әртүрлі болуы аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне сәйкесінше әсер етеді. Осы мәселені шешуде аймақтар ішінде экономикалық өсуге қол жеткізуде инвестиция тартымдылығын арттыру көзделіп отыр. Салынған инвестицияның экономикаға әсерін білу 2–3 жыл ішінде, мультипликативті және синергиялық әсері арқылы байқалады.

Инвестициялық қаржының қайтарымын білу және байланысын анықтау мақсатында бөлінген артта қалуы бар динамикалық модельді қолданып, артта қалу уақыт мөлшерін  $k=3$  тең деп төмендегі математикалық әдіспен есептейміз:

$$x_t = \alpha + \beta_0 y_t + \beta_1 y_{t-1} + \beta_2 y_{t-2} + \beta_3 y_{t-3},$$

мұндағы:

$x$  – елімізге келуші туристерді орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі (млн. теңге);

$y$  – негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі (млн.теңге).

Уақыттың кешігуі (уақыт мөлшерін (лаг)  $k=3$ ) – (ағыл.сөзі «lag» – кешіктіру) – бір құбылыстың басқалармен салыстырғанда уақыт бойынша артта қалуын немесе жетекшілігін көрсететін көрсеткіш, мысалы, экономикада инвестиция қаражатын салған сәттен бастап кіріс алғанға дейінгі уақытты қамтиды.

### Нәтижелер мен талқылау

Жыл сайынғы негізгі капиталға салынып отырған инвестициялар көлемі өзгеруде, соған сәйкес салынған қаржының әрбір көрсеткішке беретін әсері де дифференциалды. Сондықтан да, бөлінген артта қалу моделі инвестициялары мен негізгі капиталдың арасындағы байланысты анықтайтын механизм.

Кесте 1 – Негізгі капиталға инвестициялау көрсеткіштері мен орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі, 2008–2024 жж.

жыл	ҚР	
	Негізгі капиталға инвестициялау, млн тг	Орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі, млн тг
2008	4210878	21286,8
2009	4585298	15840,1
2010	4653528	23710,8
2011	5010231	31192,4
2012	5473161	40379,2
2013	6072687	37440,6
2014	6591482	45245,8
2015	7024709	47836,9
2016	7762303	53486,4
2017	8770572	59714,2
2018	11179 036	72401,9
2019	12576793	72597,2
2020	12 322 652	82853,4
2021	13 242 200	108359,8
2022	15 251 100	103948,3
2023	17 649300	120527,2
2024	19 461 300	66860,33

Ескертпе: Авторлармен [17, 18] дереккөздер негізінде құрастырылған.

1-кестеде ҚР негізгі капиталға инвестициялау көрсеткіштері мен орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі бойынша 2008–2024 жж. аралығындағы деректер берілген. Негізгі капиталға инвестициялау ағыны 2018 жылдан бастап артып отыр, яғни туризм саласына жаңа импульс әкелетіні белгілі.

1-суретте статикалық мәліметтерге сүйене отырып, 2017–2025 жж. (қаңтар–шілде) ҚР-сы негізгі капиталға инвестициялау және орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемінің серпіні дифференциалды, әрине серпіннің дифференциалды болуына ішкі және сыртқы факторлар әсері үлкен.



Сурет 1– ҚР-ң негізгі капиталға салынған инвестиция серпіні, %

Ескертпе: Авторлармен [17] дереккөз негізінде құрастырылған.

2024–2025 жж. (қаңтар–маусым) инвестицияның негізгі капиталға салыну серпіні деректерін салыстыратын болсақ, 2024 ж. 96,5 және 2025 ж. 119,3 пайызды құрап отыр, яғни сәй-

кесінше уақытта 25,8 пайызға артып отыр, бірақ 2025 ж. (қаңтар–шілде) айында инвестиция көлемі 3,2 пайызға төмендеген [19].

Қазақстан аймақтарында потенциалы жоғары жерлер көп, бірақ туризмнің дамуы әртүрлі деңгейде жүруде. 2-кестеде Қазақстан аймақтарындағы Алматы, ШҚО және ОҚО бойынша стратегиялық дамуы берілген.

Кесте 2 – Қазақстан аймақтарында туризмді дамыту стратегиясы

аймақ	Іскерлік туризм	Түрлі турлар, мәдени туризм	Шытырман оқиғалар, белсенді мерекелер	Тау мен көлдердегі демалыс	Жағажай туризм	Қысқа мерзімдеі демалыс
Алматы						
Алматы	●●●	●●○	○○○	○○○	○○○	●●●
Тамғалы	○○○	●●○	●○○	○○○	○○○	○○○
Шарын каньоны	○○○	●●○	●●●	○○○	○○○	○○○
Қапшағай су қоймасы	●○○	○○○	●●○	●●●	○○○	●●○
Алтын-Емел	○○○	●●○	●●●	○○○	○○○	○○○
Алматы маңындағы тау шаңғысы курорттары	●○○	○○○	●●●	●●●	○○○	○○○
Шығыс Қазақстан облысы						
Өскемен	●●○	●○○	○○○	○○○	○○○	○○○
Бұқтырма су қоймасы	○○○	●●○	●●○	●●●	○○○	●○○
Ертіс өзені, Жайсан көлі	○○○	●●○	●●●	●●●	○○○	○○○
Катонқарғай ұлт. саябағы	●○○	●●○	●●●	●●●	○○○	●○○
Марқакөл, Қалжыр каньоны	○○○	●●○	●●●	●●●	○○○	●○○
Семей	○○○	●●●	●○○	○○○	○○○	●○○
Риддер-Анатау – Иваново т.	●●○	○○○	●●●	●●●	○○○	●●●
Оңтүстік Қазақстан облысы						
Шымкент	●●●	●●○	○○○	○○○	○○○	●●○
Сайрам-Өгем мемл. паркі	○○○	●○○	●●●	●●●	○○○	○○○
Ақсу-Жабағылы м. қорығы	○○○	●○○	●●●	●●●	○○○	○○○
Отырар оазисі	●○○	●●●	○○○	○○○	○○○	○○○
Түркістан/Кесене	●●○	●●●	○○○	○○○	○○○	○○○
Сауран	○○○	●●○	○○○	○○○	○○○	
Қызылорда	●○○	●●○	●○○	○○○	○○○	●○○
Байқоңыр	●○○	●●●	○○○	○○○	○○○	○○○
Тараз	●○○	●●●	○○○	○○○	○○○	○○○
Сарыағаш	●○○	●○○	○○○	○○○	●●●	●●○
○○○ – әлеуеті жоқ ●○○ – төмен әлеует ●●○ – орташа әлеует ●●● – жоғары әлеует Ескертпе: Авторлармен [5] дереккөз негізінде құрастырылған.						

Жоғары әлеуеттің болуы бойынша Шығыс Қазақстан облысы, атап айтқанда, Риддер-Анатау-Иваново таулары мен Марқакөл көлі көшбасшы болып табылады, онда белсенді және шытырман оқиғалы демалыстың, таулар мен көлдердегі демалыстың және қысқа мерзімді демалыстың жоғары әлеуеті, МІСЕ – туризмнің орташа әлеуеті, Қалжыр шатқалы, Катонқарағай МҰТП, Ертіс өзені мен Жайсан көлінің де тиісті әлеуеті бар.

Екінші орында МІСЕ – туризмнің және қысқа мерзімді демалыстың әлеуеті жоғары, ал мәдени туризм мен турдың орташа әлеуеті бар. Егер Алматы қаласы маңындағы тау шаңғысы курорттарын ескеретін болсақ, онда таулар мен көлдерде белсенді және шытырман оқиғалы демалыс пен демалудың әлеуеті жоғары.

Үшінші орында Шымкент, мұнда MICE – туризм және мәдени туризмнің жоғары әлеуеті бар тур, ал орташа әлеуеті бар тур қысқа уақытша демалыс. Бұл кесте Қазақстанда туризмнің барлық түрлері бойынша әлеуеті төмен өңірлердің жоқтығы, әр аймақтың өзіндік ерекшеліктері анықталды.

3-кестеде республика аймағындағы туризм сферасы бойынша инвестициялық жобалардың тізімі беріледі. KAZAKH INVEST Ұлттық компаниясының мәліметтеріне сәйкес туризм саласында келесідей инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы жоспарланып отыр.

Республикамыздың аймақтарында жоспарланып отырған инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы, ішкі туризм сферасының жандануына, жаңа жұмыс орнымен қамтылуы, сол аймақтардағы инфрақұрылымның дамуына, жалпы экономикаға синергиялық және мультипликативті әсері болатыны сөзсіз.

Халықаралық (сыртқы) туризмнің даму қарқыны уақыт өте артуда. Әлем бойынша 2019–2024 жж. аралығында туризм секторына 2300-ден астам жаңа шетелдік тікелей инвестициялық (ШТИ) жобалар жүзеге асырылып, 123 млрд доллар ақша қаражаттары тартылған [14].

### Кесте 3 – ҚР туризм сферасындағы инвестициялық жобалар

Инвестициялық жобалар	Мазмұны	Инвестиция, мың долл. \$
Қарқасу шатқалында қарқасу туристік-рекреациялық орталығының құрылысы	Туристік-рекреациялық орталықты салу үшін Түркістан облысы Төлеби ауданының әкімдігі 49 ж. мерзімге жалға берген 280 га көлеміндегі учаске белгіленген.	74 413
ШҚО, Бұқтырма су қоймасының жағалауындағы рекреациялық үлгідегі «Арлан» демалыс базасы.	Жобада 24 тұрғын үй модулі, глампинг, монша кешені, жағажай, жазғы террасалар, демалыс аймақтары, балалар мен спорт инфрақұрылымы жоспарлануда.	1 021
Қонаев қаласындағы қонақ үй кешені	Кешен Алматы қаласы мен Алматы облысының тұрғындары мен қонақтарына, сондай-ақ шетелдік туристерге өз қызметтерін ұсынатын болады. Әр түрлі санаттағы 108 нөмірлі және 29 бунгало нөмірлі қордың толық жобалық қуатына шығу кезінде кешен жыл сайын 30 мыңнан астам келушілерге қызмет көрсетуді жоспарлап отыр.	8 000
«Түрген-37» тау шаңғысы курортының құрылысы	Алматы облысының Түрген шатқалында тау шаңғысы курорты еліміздің маңызды жобаларының бірі. Халықаралық деңгейдегі шаңғы трассалары, аспалы жолдар, конкүйлерді салу болжанып отыр. Аймақта тамақтану инфрақұрылымы: кафе, медициналық қызмет орны, маркеттер, шаңғы мектебі, түрлі аттракциондарды салу жоспарда бар.	98 133
«Тау Рахат» қонақ үй кешенінің құрылысы	Жобада Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Рахат ауылдық округінде, Рахат ауылынан 3,5 км жерде, ауданы 5 га жер учаскесінде «Тау Рахат» қонақ үй кешенін салу көзделген. Орналасқан жері қонақ үйлерде тұру, бассейн, монша, кафе, мейрамхана және т.б. қызметтерді қамтитын туристік қызметтерді жыл бойы ұсыну үшін тартымды. айналым қаражатына мұқтаж болған жағдайда бастамашы коттедждік үйлердің белгілі бір санын сатуды жүзеге асыруға мүмкіндік алады, бұл жобаның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.	4 690
«Theya resort» туристік кешені	Жобада Астана қаласында «Theya resort» туристік кешенінің құрылысы көзделген. Кешен ауданында қонақүй, этноауылдар, мерамханалар, ашық бассейндер, теннис корты, барбекб, монша жасау жоспарланып отыр.	11 813

3-кестенің жалғасы

«Ақ көл» көпфункционалды СПА-курорттын салу	Жобада Ақмола облысының Кіші Барап ауылында көпфункционалды СПА-курорт салу көзделген. Жоба отбасылық және іскерлік демалысқа бағытталған, ішкі және халықаралық туристерге жыл бойы туристік қызметтердің кең спектрін ұсыну үшін төрт жұлдызды қонақ үй салуды көздейді. Жоба Астана қаласынан 110 км, Щучье-Бурабай курорттық аймағынан (ШБКА) 100 км жерде орналасқан. Қазіргі уақытта жобаға инженерлік желілері тартылған 13 гектарға учаске бөлінді, объектілерді жоспарлау және құрылысқа дайындық жүргізілуде.	8 120
ШҚО-дағы Жоғарғы-Катун емдеу-сауықтыру және туристік кешені	Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданында «Верх-Катунь» емдеу-сауықтыру және туристік кешенін (ЛОК) салу. Жоба қосымша 16 жұмыс орнын құруды көздейді. Көрсетілетін қызметтер және әлеуетті клиенттер: Бөлме қорына 50 стандартты бөлме кіреді; 4 жартылай люкс және 4 люкс. Курорттың мақсатты аудиториясы – елде және шетелде тұратын рекреациялық туризм мен табиғатты сүйетіндерге бағытталады.	5 478
Ескертпе: Авторлармен [13] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Әлемдік туристік барометрдің 2025 ж. мамыр айына сәйкес статистикалық көрсеткіштері бойынша 2025 жылдың қаңтар-наурыз айларында халықаралық туристердің келуі 5%-ға өскен. Халықаралық туристік келулер (түнгі келушілер) 2025 жылдың бірінші тоқсанында 5%-ға (2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда) ұлғайып отыр, бұл 2019 жылғы пандемия алдындағыдан кезеңмен салыстырғанда 3%-ға жоғары. 2025 жылдың бірінші тоқсанында әлем елдеріне 300 млн астам турист саяхаттаған, бұл 2024 ж. осы кезеңімен салыстырғанда шамамен 14 млн өскен [15].

Аймақтар мен субаймақтар бойынша Африка (+9% өскен) 2024 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда 2025 ж. 1 тоқсанында ең жоғары өнімділікті көрсетті, ал Америка, Еуропа (әрқайсысында +2% өскен) және Таяу Шығыс (+1% өскен) салыстырмалы түрде қарапайым нәтижені көрсетіп отыр. Азия-Тынық мұхиты аймағы (+12% өскен) қарқынды өсуді жалғастырады, дегенмен де туристік келулер пандемияға дейінгі деңгейден әлі де болса сәл төмен көрсеткіштерге тең.

Әлемде халықаралық туризм кірістері бойынша 2025 ж. басында келуші туристердің шығындарының өскенін, 2024 ж. шығындар серпінін жалғастырып отыр. Мұндай деректер барлық бағыттар бойынша келушілердің табыстарының тұрақты өсуін көрсетіп отыр [15].

Жаһандану уақытысы барлық салаларға талапты күшейтті. Соның ішінде синхронды түрде дамып отырған цифрландыру мен туризм саласы, екі саланың байланысы өте жоғары. Жасыл туризм мен цифрлық даму жалпы туризм индустриясына өз үлесін қосуда. G20, Туризм және тұрақты даму мақсаттарының құралдар жинағына сәйкес Жасыл туризм мен Цифрландыру көрсеткіштерінің тұрақты даму мақсаттарымен корреляциясы 4-кестеде беріледі. Мұндағы, 0 – еш байланысы жоқ, 5 – бір-бірімен байланысы жоғары екендігін көрсетеді.

Кесте 4 – G20, жасыл туризм және цифрландыру көрсеткіштерінің тұрақты даму мақсаттарымен корреляциясы, 2023–2024 жж.

Тұрақты даму мақсаттары, (%)	Жасыл туризм						Цифрландыру					
	0	1	2	3	4	5	0	1	2	3	4	5
1. Кедейлікті жою	19	15	19	27	8	8	19	23	8	19	15	12
2. Аштықты жою	19	15	15	31	12	4	35	19	8	15	12	8
3. Денсаулық пен амандық	4	4	12	31	19	27	12	12	15	27	23	8
4. Сапалы білім	12	15	12	23	31	4	8	0	0	15	27	46
5. Кендерлің теңдік	19	15	12	19	15	15	12	19	12	23	23	8
6. Таза су және санитария	4	8	8	12	19	46	15	23	19	19	15	4

## 4-кестенің жалғасы

7. Қолжетімді және таза энергия	4	4	4	8	15	62	12	15	15	31	15	4
8. Қол жетімді жұмыс күші және экономикалық өсу	0	0	0	23	12	62	4	0	4	8	23	58
9. Өнеркәсіп, инновация және инфрақұрылым	4	0	0	15	23	54	4	0	0	0	23	69
10. Теңсіздікті азайту	19	12	8	15	23	19	15	12	15	15	31	8
11. Тұрақты қалалар мен қауымдастықтар	4	0	0	4	15	73	12	12	4	12	27	31
12. Жауапты тұтыну және өндіру	4	0	0	4	19	69	8	8	12	12	38	19
13. Климаттың өзгеруіне қарсы күрес	4	4	4	4	12	69	12	12	27	19	12	15
14. Су астындағы өмір	4	4	12	15	23	38	19	38	12	19	8	0
15. Құрлықтағы өмір	0	4	8	19	19	46	15	31	1	12	15	4
16. Бейбітшілік пен әділдік	12	27	19	8	15	15	19	19	15	8	15	19
17. Мақсатқа жету үшін серіктестік	12	0	12	8	31	35	8	4	8	23	19	35
Ескертпе: Авторлармен [16] дереккөз негізінде құрастырылған.												

4-кестедегі G20, Туризм және тұрақты даму мақсаттарының құралдар жинағына сәйкес Жасыл туризм мен Цифрландыру көрсеткіштерінің тұрақты даму мақсаттарымен корреляциясына сәйкес кейбір тұрақты даму мақсаттары бойынша еш корреляциялық байланыстың жоқ (байланысы 0-ге тең) екендігі көрінеді. Ең жоғарғы көрсеткіш Жасыл туризм мен Цифрландыру көрсеткіштері бойынша 69-ға теңеседі, яғни Жауапты тұтыну және өндіру, Климаттың өзгеруіне қарсы күрес, Өнеркәсіп, инновация және инфрақұрылымы мақсаттарынан байқалады.

Инвестиция тартымдылығының артуы ЖІӨ-гі әр саланың үлесіне оң әсері экономикалық өсуге итермелейтіні белгілі. Сондықтан елімізге шетел инвесторларын тарту, яғни «инвестициялық тапсырыс» арқылы экономикалық даму серпінін көтеру қажеттілігі жоғары. Республикамызда кәсіпкерлікті ірі, орта және шағын бизнесті дамыту үшін отандық және шетел инвестициясы ағынын арттыру еліміздің стратегиялық мақсатты. Еліміздегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-гі үлесі 40%-ға тең, ал жұмыспен қамту құрылымында 50%-ға теңесті [3].

Инвестициялық қаржының қайтарымын білу және байланысын анықтау үшін бөлінген артта қалуы бар динамикалық моделі қолданылады және оның уақыт мөлшерін үшке тең. Республика бойынша артта қалған моделі бойынша қысқа, аралық, ұзақ мерзімді мультипликаторлар, салыстырмалы көрсеткіштер мен орташа артта қалушылық есептеледі.

Қысқа уақыттағы мультипликатор факторлық көрсеткіштің артта қалған мәнін ескермей, ағымдағы кезеңдегі орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемінің 1 млн теңгеге орташа абсолютті өзгерісін көрсетеді. Ал аралық көрсеткіштер 1–2 жылдан кейінгі факторлық айнымалының нәтижеге әсерін береді. Ұзақ мерзімді көрсеткіштер болса, 3 жылдағы 1 млн теңгеге абсолютті өзгерісін анықтайды. Жалпы, модельдің орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемінің жиынтық өзгерісі үлесін уақыт негізінде, яғни  $t + j$  ( $j = 1, 2, 3$ ) есептеледі.

5-кестедегі бөлінген артта қалған динамикалық модельді құру нәтижелерін есептеуде лаг айнымалылары енгізілді, инвестициялардың үш жылға артқа қалу мәндері бойынша есептелді және де модельге қосылды. Осы арқылы динамикалық зерттеуге мүмкіндік болады. Әрі қарай, салыстырмалы әрбір коэффициенттердің жалпы әсердегі үлесі есептеледі. Сонымен, модельдің орташа артта қалуы ( $t$ ) инвестициялардың әсері толығымен қай уақытта әсер ететіні анықталады.

Кесте 5 – Бөлінген артта қалған динамикалық модельді құру нәтижелері

Көрсеткіштер		ҚР-сы
Үлестірілген артта қалу моделінің көрсеткіштері		$x_t = 9392 \cdot 16 + 0.0059 y_t - 0.0128 y_{t-1} + 0.0095 y_{t-2} + 0.0045 y_{t-3} + \varepsilon_t$
Негізгі капиталға ағымдағы уақыт бойынша 1 млн теңгеге өсуі кезінде орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі байланысты қызметтер көлемінің өзгерісі (өсімі)	ағымдағы жылы	+5,9 млн тг өседі
	келесі жылы	– 12,8 млн тг кемиді
	екі жылдан кейін	+9,5 млн тг өседі
	үш жылда кейін	+ 4,5 млн тг өседі
Салыстырмалы коэффициенттер шамасы, %-қ үлесі	ағымдағы уақыт	83,1 %
	келесі жылы	-180,3 %
	екі жылдан кейін	133,8 %
	үш жылда кейін	63,4 %
Жиынтық әсері	3 жылда	7,1 млн тг
Модельдің орташа артта қалуы (t уақытымен)		1,9 ж.
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.		

Арифметикалық орташа шамамен есептелген модельдің артта қалуы уақыттың өзгеруінен нәтиженің өзгеруіне әсер етуші орташа кезең t болып табылады. Осы арқылы артта қалу шамасы нәтижеге жылдам әсер ету арқылы көрінеді, нәтиженің жоғары мәні фактордың ұзақ әсерін білдіреді.

Есептеулердің нәтижесінде орташа алғанда республика бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлеміне әсері 1,9 жылдан кейін байқалады және 3 жылдағы жиынтық әсері 7,1 млн теңгені құрайтыны белгілі болды.

### Қорытынды

Жаһандану уақытысында цифрландыру, жасыл туризмді қолдау, жоғары деңгейдегі кәсіби мамандарды дайындау, туризм саласындағы инновациялық өнімдерді шығару, хақықаралық деңгейдегі стандарттарға сәйкес инфрақұрылымды енгізу арқылы туристер ағынын өсіру, дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілік индексін көтеру отандық және шетел инвестицияларының тартымдылығын арттыру мемлекеттің маңызды стратегиялары.

Әлем ғалымдарының зерттеу нәтижелері бойынша туризм саласынан түсетін табыс көлемі мұнай саласынан кейінгі орында және жаңа жұмыс орындарымен миллиондаған адамдарды қамтып отырған бағытқа айналды. Республикамызда туризмнің бірнеше түрлері, соның ішінде экологиялық, мәдени-ағарту, денсаулық, спорт, діни, іскерлік, агротуризм, кемпинг және т.б. қарқынды дамып жатыр. Сонымен қатар халықаралық туризм және ішкі туризмді дамыту мақсатында бірнеше бағыттар бойынша 1. Логистика, туризм инфрақұрылымын құру және дамытуға. 2. Қызмет көрсетуді арттыру, цифрландырудың дамуына жағдай жасау, қолайлы жағдайларды жасау. 3. Республика деңгейінде барлық өңірлер бойынша туризм әлеуетін халықаралық деңгейге көтеру, Қазақстан Республикасының аумағында іскерлік туризмді дамыту «Туризмді дамытудың 2023–2029 жж. арналған тұжырымдамасында» бекітілген және осы мақсатта 33,3 трлн тг инвестиция жұмсалуды және 4,5 млн жұмыс орнының ашылуы болжанып отыр [1]. Шетел инвестициясының ішке тартылуы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсуімен қатар, халықтың тұрмыс жағдайы, әл-ауқатының көтерілуіне әкеледі. Сондықтан, Елбасының 2025 жылғы Халыққа Жолдауында экономикалық өсудің жолын елге тартылып жатқан инвестиция көлемін арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен, авторлар зерттеу жұмысында келесідей қорытындыға келеді:

1) өз кезегінде, тұтастай алғанда салыстырмалы коэффициенттер шамасы Қазақстанда инвестицияның қайтарымы қарастырылып отырған бүкіл кезең ішінде байқалады, бірақ әсердің басым бөлігі де ағымдағы уақыт кезеңінде емес, 3 жылдан кейін жақсы нәтиже болады;

2) модельдің орташа артта қалуы ( $t$ ) республика бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлеміне оң әсері  $T=1,9$  жылдан кейін болатыны анықталды;

3) негізгі капиталға ағымдағы уақыт бойынша 1 млн теңгеге өсуі кезінде орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемінің оң өзгерісіне  $t=3$  уақыты қажет, яғни 3 жылда 7,1 млн тг ақша түседі. Осы жерде мультипликатор әсерін көруге болады;

4) негізгі капиталға инвестиция неғұрлым көп құйылса, соғұрлым туризм қарқынды дамып, туристік қызмет көрсету көлемі артатыны сөзсіз.

Инвестиция – экономикалық категория, сондықтан экономикаға салынатын ақша қаражатының қайтарымы бірнеше жылдан кейін тек мультипликаторлық әсерін ғана емес, сонымен қатар синергиялық әсерінің болатынын да ескерген жөн.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. – 2023. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (өтініш берілген күн: 25.09.2025)

2 ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы Халыққа «Әділ мемлекет. Бір халық. Гүлденген қоғам» Жолдауы. – 2022. URL: <https://www.akorda.kz/> (өтініш берілген күн: 10.09.2025)

3 Послание Главы государства К. Токаева народу Казахстана «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию». – 2025. URL: <https://www.akorda.kz/> (дата обращения: 20.09.2025)

4 Развитие туризма. Достижения за 30 лет. – 2021. URL: <https://special.nur.kz/kazakh-tourism-2021>. (дата обращения: 10.03.2025)

5 Жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингіне сәйкес 35 орында, АО «Национальная компания «KAZAKH INVEST». – 2025. URL: <https://invest.gov.kz/ru/> (өтініш берілген күн: 11.09.2025)

6 Туристская отрасль в Казахстане: динамика, инвестиции и Neo Nomad Visa. – 2025. URL: <https://www.gov.kz/> (дата обращения: 15.09.2025)

7 Makenova G., Daurenbekova A. The international tourism market and its role in the development of the national economy // The national Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. 2019. Vol. 5. No. 327. P. 186–198. URL: <https://doi.org/10.32014/2019.2224-5294.187>. 2019.

8 Agaeva L.K. Practice of attracting investments into tourism development in the Russian Federation regions // European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (EpsBS). 2021, pp. 14–20. URL: <https://doi.org/10.15405/epsbs.2021.04.02.169>

9 Yurieva E., Zakharova E., Galkin D. The Impact of Digital Technologies on the Transformation of the Tourism and Hospitality Industry // Revista geintec-gestao inovacao e-tecnologias. ISSN: 2237-0722. 2021. Vol. 11. No. 4. P. 623. URL: <https://revistageintec.net/old/wp-content/uploads/2022/03/2133.pdf>

10 Nguyen Q.N. Impact of Investment in Tourism Infrastructure Development on Attracting International Visitors: A Nonlinear Panel ARDL Approach Using Vietnam’s Data // Economies. 2021, no. 9, pp. 131–136. URL: <https://doi.org/10.3390/economies9030131>

11 Tuan H., Tony Ng., Dang V. Cultural tourism resources: state policy and solutions for SMEs in tourism industry // International Journal of Entrepreneurship and Small Business. 2023, pp.1–4. URL: [https://www.researchgate.net/publication/372160280\\_Cultural\\_tourism\\_resources\\_state\\_policy\\_and\\_solutions\\_for\\_SMEs\\_in\\_tourism\\_industry](https://www.researchgate.net/publication/372160280_Cultural_tourism_resources_state_policy_and_solutions_for_SMEs_in_tourism_industry)

12 El Archi Y., Brahim B. Digital Technologies for Sustainable Tourism Destinations: State of the Art and Research Agenda // Administrative Sciences. 2023, no. 13, pp. 184–186. URL: <https://doi.org/10.3390/admsci13080184>

13 АО «Национальная компания «KAZAKH INVEST». – 2025. URL: <https://invest.gov.kz/ru/map/> (дата обращения: 10. 09.2025)

14 Tourism and Sustainable Transformation. Concept note. 2025. URL: <https://www.untourism.int/ru/world-tourism-day-2025> (accessed: 20.08.2025)

15 World Tourism Barometer and Statistical Annex. 2025. Vol. 23. Issue 2. URL: <https://www.e-unwto.org/doi/abs/10.18111/wtobarometereng.2025.23.1.2> (accessed: 06.08.2025)

16 UN Tourism 2023–2024. G20 TOURISM AND SDGs DASHBOARD. URL: <https://tourism4sdgs.org/g20india/> (accessed: 29.08.2025)

17 Инвестиция статистикасы. 2017–2025. URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-invest/publications/> (өтініш берілген күн: 02.09.2025)

18 Туризм статистикасы. 2017–2025. URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (өтініш берілген күн: 03.09.2025)

19 Салалық статистика. Инвестициялар статистикасы. 2017–2025. URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-invest/publications/330206/> (өтініш берілген күн: 02.09.2025)

## REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasynyñ turistik salасыn damytudyñ 2023–2029 jyldarǵa arnalǵan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly. 2023. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (ötınısh berilgen kün: 25.09.2025). (In Kazakh).

2 QR Prezidenti Q.Toqaevtyñ 2022 jylǵy Halyqqa «Ädil memleket. Bır halyq. Güldengen qoǵam» Joldaуy. 2022. URL: <https://www.akorda.kz/> (ötınısh berilgen kün: 10.09.2025). (In Kazakh).

3 Poslanie Glavy gosudarstva K.Tokaeva narodu Kazahstana «Kazahstan v jepohu iskusstvennogo intellekta: aktual'nye zadachi i ih reshenija cherez cifrovuju transformaciju». 2025. URL: <https://www.akorda.kz/> (data obrashhenija: 20.09.2025). (In Russian).

4 Razvitie turizma. Dostizhenija za 30 let. 2021. URL: <https://special.nur.kz/kazakh-tourism-2021>. (data obrashhenija: 10.03.2025). (In Russian).

5 Jahandyq bāsekege qabiletlilik reitiñime sāikes 35 orynda, AO «Nasionālnaia kompania «KAZAKH INVEST». 2025. URL: <https://invest.gov.kz/ru/> (ötınısh berilgen kün: 11.09.2025) (In Kazakh).

6 Turistskaja otrasl' v Kazahstane: dinamika, investicii i Neo Nomad Visa. 2025. URL: <https://www.gov.kz/> (data obrashhenija: 15.09.2025) (In Russian).

7 Makenova G., Daurenbekova A. (2019) The international tourism market and its role in the development of the national economy // The national Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. Vol. 5, no. 327, pp. 186–198. URL: <https://doi.org/10.32014/2019.2224-5294.187>. 2019. (In English).

8 Agaeva L.K. (2021) Practice of attracting investments into tourism development in the Russian Federation regions // European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (EpsBS), pp. 14–20. URL: <https://doi.org/10.15405/epsbs.2021.04.02.169> (In English).

9 Yurievna E., Zakharova E., Galkin D. (2021) The Impact of Digital Technologies on the Transformation of the Tourism and Hospitality Industry // Revista geintec-gestao inovacao e-tecnologias. ISSN: 2237-0722. Vol. 11, no. 4, pp. 623. URL: <https://revistageintec.net/old/wp-content/uploads/2022/03/2133.pdf> (In English).

10 Nguyen Q.N. (2021) Impact of Investment in Tourism Infrastructure Development on Attracting International Visitors: A Nonlinear Panel ARDL Approach Using Vietnam's Data // Economies, no. 9, pp. 131–136. URL: <https://doi.org/10.3390/economies9030131> (In English).

11 Tuan H., Tony Ng., Dang V. (2023) Cultural tourism resources: state policy and solutions for SMEs in tourism industry // International Journal of Entrepreneurship and Small Business, pp.1–4. URL: [https://www.researchgate.net/publication/372160280\\_Cultural\\_tourism\\_resources\\_state\\_policy\\_and\\_solutions\\_for\\_SMEs\\_in\\_tourism\\_industry](https://www.researchgate.net/publication/372160280_Cultural_tourism_resources_state_policy_and_solutions_for_SMEs_in_tourism_industry) (In English).

12 El Archi Y., Brahim B. (2023) Digital Technologies for Sustainable Tourism Destinations: State of the Art and Research Agenda // Administrative Sciences, no. 13, pp. 184–186. URL: <https://doi.org/10.3390/admsci13080184> (In English).

13 AO «Nacional'naja kompanija «KAZAKH INVEST». 2025. URL: <https://invest.gov.kz/ru/map/> (data obrashhenija: 10. 09.2025) (In Russian).

14 Tourism and Sustainable Transformation. Concept note. 2025. URL: <https://www.untourism.int/ru/world-tourism-day-2025> (accessed: 20.08.2025). (In English).

15 World Tourism Barometer and Statistical Annex. 2025. Vol. 23. Issue 2. URL: <https://www.e-unwto.org/doi/abs/10.18111/wtobarometereng.2025.23.1.2> (accessed: 06.08.2025). (In English).

16 UN Tourism 2023–2024. G20 TOURISM AND SDGs DASHBOARD. URL: <https://tourism4sdgs.org/g20india/> (accessed: 29.08.2025) (In English).

17 Investisia statistikasy. 2017–2025. URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-invest/publications/> (ötınısh berilgen kün: 02.09.2025) (In Kazakh).

18 Turizm statistikasy. 2017–2025. URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (ötınısh berilgen kün: 03.09.2025) (In Kazakh).

19 Salalyq statistika. Investisialar statistikasy. 2017–2025. URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-invest/publications/330206/> (ötınısh berilgen kün: 02.09.2025) (In Kazakh).

**ДУЙСКЕНОВА Р. Ж.,\*<sup>1</sup>**

PhD, ассоциированный профессор.

\*e-mail: nargiza2006@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7011-8229

**АЛДАШЕВА А. А.,<sup>1</sup>**

к.и.н., ассоциированный профессор.

e-mail: aldashieva75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9753-185x

**САРСЕБАЕВА А. М.,<sup>1</sup>**

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: aigul.sarsebayeva@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-4758-9583

**УМЫРЗАКОВА А. А.,<sup>1</sup>**

м.э.н., ст. преподаватель.

e-mail: aida.umirzakova75@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9594-7974

<sup>1</sup>Алматинский технологический университет,  
г. Алматы, Казахстан

## РАЗВИТИЕ ТУРИСТИЧЕСКОЙ ИНДУСТРИИ ПУТЕМ ПОВЫШЕНИЯ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ

### Аннотация

Целью статьи является расчет отдачи инвестиций в основной капитал как одного из основных инструментов развития туристической отрасли, проведение регрессионного анализа, создание динамической модели с лагами и представление выводов на основе полученных результатов. В научной работе рассматриваются научные статьи ученых ближнего и дальнего зарубежья, а также сборники международных организаций, исследующие влияние цифровизации на экономическое развитие и туристическую отрасль в эпоху глобализации. Актуальность темы раскрывает направленность сектора туризма на экономический рост как одного из основных инструментов, обеспечивающих занятость и доход миллионов населения, приводящих к росту экономических и социальных показателей, решающих проблемы инклюзивности, знакомящих с национальными и зарубежными культурными ценностями, повышающих привлекательность отечественных и иностранных инвестиций, развивающих индустрию туризма. С целью создания и достижения результатов динамической модели были использованы данные статистического агентства Республики Казахстан за 2008–2024 гг., Послание Главы государства народу Казахстана 2025 г. «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: решение задач на основе цифровой трансформации». В ходе исследования научной статьи были рассмотрены следующие методы научного исследования: программный пакет «Stata», оценка динамической модели и параметров модели с отставанием, метод множественной регрессии, методы анализа и синтеза, логические сравнительные методы. В заключение авторы пришли к следующему результату: получен 3-летний результат отдачи инвестиций, установлено, что среднее отставание модели будет через 1,9 года, а также рассчитана отдача от инвестиции в 1 млн тг в основной капитал.

**Ключевые слова:** туризм, отдача от инвестиции, развитие, экономический рост, цифровизация, мультипликатор, стабильность, привлекательность.

**DUISKENOVA R.ZH.,\*<sup>1</sup>**

PhD, acting associate professor.

\*e-mail: nargiza2006@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7011-8229

**ALDASHEVA A.A.,<sup>1</sup>**

c.h.s, acting associate professor.

e-mail: aldashieva75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-9753-185x

**SARSEBAYEVA A.M.,<sup>1</sup>**

m.e.s., senior lecturer.

e-mail: aigul.sarsebayeva@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-4758-9583

**UMIRZAKOVA A.A.,<sup>1</sup>**

m.e.s., senior lecturer.

e-mail: aida.umirzakova75@gmail.com

ORCID: 0000-0001-9594-7974

<sup>1</sup>Almaty Technological University,

Almaty, Kazakhstan

## **DEVELOPING THE TOURISM INDUSTRY BY INCREASING INVESTMENT ATTRACTIVENESS**

### **Abstract**

The purpose of the research work is to calculate the return on investment in fixed capital as one of the main tools for the development of the tourism industry, conduct regression analysis, create a dynamic model with lags and present conclusions based on the results obtained. The scientific work examines scientific articles by scientists from near and far abroad, as collections of international organizations exploring the impact of digitalization on economic development and the tourism industry in the era of globalization. The relevance of the topic reveals the focus of the tourism sector on economic growth as one of the main tools for ensuring employment and income for millions of people, leading to an increase in economic and social indicators, solving the problems of inclusivity, introducing national and foreign cultural values, increasing the attractiveness of domestic and foreign investments, developing the tourism industry. For the purpose of creating and achieving the results of the dynamic model, data from the Statistical Agency of the Republic of Kazakhstan for 2008–2024 and the 2025 Address of the Head of State to the People of Kazakhstan, "Kazakhstan in the Era of Artificial Intelligence: Solving Problems through Digital Transformation" were used. In the course of the research for the scientific article, the following research methods were applied: the Statica software package, estimation of the dynamic model and its parameters with lag, the multiple regression method, as well as methods of analysis and synthesis and logical comparative methods. In conclusion, the authors arrived at the following results: a 3-year return on investment was obtained; it was established that the average lag of the model is 1.9 years; and the return from an investment of 1 million tenge in fixed capital was also calculated.

**Keywords:** tourism, return on investment, development, economic growth, digitalization, multiplier, stability, attractiveness.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.01.2026